

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті
Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитеттің кезектен тыс мәжіліс
№2.1 хаттамасы

Түркістан қаласы

20.01.2023 ж.

Сағат: 15:30

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар:АК төрағасы: Кафедра меңгерушісі PhD, доцент м.а. Г.Момбекова

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Шахабаев Е.Ш., академиялық департамент директоры Бостанова А.М., экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Баймағанбетов С.Т., әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі басшысының орынбасары Полатбекова К., әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері Тасболатова Г., мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы Мухитдинова С.М.

АК мүшесі, Академиялық персоналдар:

Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі PhD, доцент м.а. Г.Момбекова, магистр аға оқытушы А.Исаева, э.ғ.к., доцент Г.Турысбекова.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әртүрлі мәселелер
 - 1.1 6B11157-Туризм БББ ішкі аудитінің нәтижелерін талқылау
 - 1.2 6B11180- Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі

1.1 6B11157-Туризм БББ ішкі аудитінің нәтижелерін талқылау

Жауаптылар: Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы, кафедра меңгерушісі, менеджмент және туризм кафедрасының магистр, аға оқытушысы А.Исаева.

Бұл мәселе бойынша алдымен Экономика, басқару және құқық факультеті, Менеджмент және туризм кафедрасының магистр аға оқытушы А.Исаева 6B11157-Туризм білім беру бағдарламасының жобасымен таныстыру баяндамасын жасады.

А.Исаева туризм білім беру бағдарламасының ерекшеліктеріне және құрамына тоқталды. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: Туризм саласында еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін инновациялық - бағдарланған, бәсекеге қабілетті, сапалы бакалаврларды дайындау болып табылады. Сондай-ақ бітіруші моделі жұмыс берушілер мен түлектерден пікірі алынып жасалынғандығын, туризм саласында аймақтың өзінің рекреациялық ресурстарын бағалай алуымыз қажет екендігін, мәселен Түркістан облысы бойынша тек тарихи мәдени, діни туризмге қарамай бүгінгі таңда альтернативті, креативті туризмді дамытатын креативті мамандар қажет екендігін айтып өтті. Демек бітіруші моделі бойынша білімгерлеріміз теориялық білімдерін кәсіби іс-әрекетте қолданатындығын, басқарушылық-ұйымдастырушылық қабілет пен ақпараттық-технологиялық дағдыларды меңгерген, зерттеу, жобалау және талдау дағдыларына ие болу керектігін айтып өтті. Атамекен рейтингі бойынша бірінші орында келе жатқан Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Түркістан облысы туризм басқармасы және Кастамону университетімен салыстырмалы түрде пәндерді қарастырғандығын, ол университет пәндері мен біздің пәндердің 50-60% ұқсас екен түсіндіріп өтті.

Біздің БББ біраз пәндеріміз атап айтсақ, «Туризмология негіздері», «Туризмге кіріспе» пәндері бір-бірін қайталайтындықтан Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттердің оқу жоспарына сай «Туризмология» деп өзгертіп, кредиттерін

жоғарылату жағын қарастырғандығын айтып өтті. Себебі Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің пән кредиттері де негізі 6 мен 9 кредит арасында екендігін түсіндіріп өтті. Сол сияқты «Туризм саласын мемлекеттік реттеу», «Туризм саясаты және жоспарлау» деген пәндеріміз Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Туризм саясаты және мемлекеттік реттеу» деп біріктірілгендігін айтып өтті. Демек әрбір пәнді қарастырғанымызда мәселен міндетті түрде ол пәннің тарихына тоқталатынымызды, Қонақ үй шаруашылығы, Туроперейтинг, Туризмде тамақтандыру қызметтері, Экскурсиятану пәндерін қарастырғанымызда міндетті түрде туризм тарихына тоқталатынын және осы пәнді «Туризм инфрақұрылымы» деп ауыстырғанын түсіндіріп өтті. «Туризм саласын ғылыми зерттеу әдістері» деген пәннің орнына Кастамону университетіндегі «Туризмде өзекте мәселелер мен басылымдар» деген пән ауыстыратындығын айтып өтті. (Кесте 1).

№	МКТУ	Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ	Түркістан облысы туризм басқармасы	Кастамону университеті
1	Туризмология негіздері Туризмге кіріспе	Туризмология		
2	Туризмнің тарихы	Туризм инфрақұрылымы		
3	Туризмде ақпараттық менеджмент		Туризм саласындағы Big Data аналитикалық талдаулар	
4	Туризмдегі тайм менеджмент		Туристік қызметтер нарығын талдау/ Туризмде маркетингтік зерттеулер	
5	Кәсіби цифрлық технологиялар		Туризм саласындағы IT технологиялар	
7	Туризм саласын ғылыми зерттеу әдістері			Туризмдегі өзекті мәселелер мен басылымдар Turizmde güncel konu ve uayınlar Актуальные вопросы и публикации в сфере туризма
8	Туризм саласын мемлекеттік реттеу	Туризм саясаты және мемлекеттік реттеу		
9	Туризм саясаты және жоспарлау			
10			Кәсіби шет тілі / Шет тілдерін меңгерген мамандардың болуы	

Сондай-ақ, білім беру бағдарламамыздың инфрақұрылымын қамтамасыз ету бойынша Қонақ үй шаруашылығы; Туризмдегі тамақтандыру қызметтері; Қонақ үйде ақпараттық жүйелер; Туроперейтинг; Экскурсиятану пәндерін Манас, Кастамону және Акдениз университеттері сияқты солардың базасында қалыптастырылған арнайы жабдықталған практикалық (семинарлық емес) және лабораториялық аудиторияларға ұқсас базамен қамтамасыз ету қажет екендігін айтып өтті. Сонымен қатар жұмыс беруші Түркістан облысы туризм басқармасының бөлім басшылары тарапынан ұсыныстар айтылғандығын: кәсіби ағылшын тілін меңгерген, сондай-ақ, Туризм саласындағы IT технологиялар, Туризм саласындағы Big Data аналитикалық талдауларды жүргізе алатын, Туристік қызметтер нарығын талдай алатын мамандардың жетіспейтіндігін айтып өтті.

Атамекен рейтингі бойынша туризм мамандығы 2019 жылы 34 ЖОО ішінен 31 орын, ал 2020 жылы 27 ЖОО ішінен 13 орын, 2021 жылы 31 ЖОО ішінен 10 орынға иеленген.

ЖОО ТУРИЗМ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ РЕЙТИНГІ
2019-2021 жылдар аралығы

Жыл	ЖОО атауы/ БББ	Түлектердің мансаптық перспективасы бойынша бағасы	Сараптамалық бағалау бойынша бағасы	Статистикалық деректер және студент жетістіктері бойынша бағасы	Жалпы бағасы	Медициналық еңбек ақы теңгеде	Жұмыспен қамтылу деңгейі пайызбен	Жұмыс іздеу ұзақтығы
2019 (34)								
1 орын	Халықаралық бизнес университеті	2,47	0,99	0,16	3,61	182,413	75	3,08
2 орын	Өл-Фараби ҚазҰУ	1,96	1,28	0,26	3,49	129 172	84,38	3,63
31 орын	Ясауи атындағы ХҚТУ, Туризм	1,13	1,26	0,15	2,53	82 303, 53	60	6,45
2020 (27)								
1 орын	Өл-Фараби ҚазҰУ	1,77	1,06	0,73	3,55	110,140	69,49	1,69
6 орын	Халықаралық бизнес университеті	2,11	0,84	0,39	3,34	103 048	80	1,33
13 орын	Ясауи атындағы ХҚТУ, Туризм	1,55	1,13	0,39	3,07	88 223,74	50	1
2021 (31)								
1 орын	Халықаралық бизнес университеті	2,33	0,54	0,41	3,28	123 425	100	4,6
2 орын	Өл-Фараби ҚазҰУ	2,04	0,63	0,56	3,22	98 518	81	2,62
10 орын	Ясауи атындағы ХҚТУ, Туризм	1,97	0,72	0,37	3,06	67 259	87	1,67

6В11180- Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі бойынша Спорт және туризм академиясы, ЕНУ және Букетов атындағы КарГУ салыстырмалы түрде пәндерді қарастырғандығын, атап айтсақ, «Қонақжайлық индустриясының негіздері», «Мейрамхана және қонақ үй бизнесіне кіріспе» пәндері бір-бірін қайталайтындықтан Спорт және туризм академиясы, ЕНУ және Букетов атындағы КарГУ оқу жоспарына сай «Қонақжайлық индустриясының негіздері» деп өзгертілгендігін айтып өтті. Сол сияқты біршама бір-бірін қайталайтын пәндерді жинақтап жоғарыда аталған жоғары оқу орнының оқу жоспарына сай өзгертілгендігін түсіндіріп өтті.

МКТУ	Біріктірілген пәндер	Спорт және туризм академиясы	ЕНУ	ҚазҰУ	Букетов атындағы КарГУ
Қонақжайлық индустриясының негіздері	Қонақжайлық индустриясының негіздері				
Мейрамхана және қонақ үй бизнесіне кіріспе					
Қонақжайлық және мейрамхана саласындағы кәсіпкерлік негіздері	Қонақжайлық және мейрамхана саласындағы кәсіпкерлік қызмет негіздері				
Қонақ үй және мейрамхана бизнесіндегі қаржылық талдау					
Қонақжайлық және мейрамхана инфрақұрылымы		Қонақжайлық индустриясының инфрақұрылым дизайны			
Қонақжайлық және мейрамхана индустриясының сандық технологиялары			Мейрамхана және қонақ үй бизнесіндегі сервистің электрондық және сандық технологиялары		
Қонақжайлық және мейрамхана бизнесінің ұйымдық-құқықтық негіздері			Қонақ үй индустриясын және қоғамдық тамақтану саласын реттеу		

I траектория Мейрамхана бизнесі					
Сусындар технологиясы			Ұлттық тағамдар мен сусындар		
Ұлттық және шет ел асханасында тағам дайындау					
Бар өндірісі және қызмет көрсету технологиялары			Бар ісі және <u>эногастрономия</u>		
Мейрамхана қызметіндегі калькуляция және баға белгілеу	Мейрамхана қызметіндегі калькуляция және баға белгілеу				
Меню жоспарлау					
технологиясы	Ұлттық және шет ел асханасында тағам дайындау технологиясы				
Food and Beverage стилистикасы					
Шикізат және азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі				Тағар туралы білім	
Кейтерингтік қызметті ұйымдастыру		Кейтерингтік қызметтерді ұйымдастыру және <u>жылыту</u>			
Қызмет көрсету саласындағы маркетинг стратегиясы	Қызмет көрсету саласындағы маркетинг стратегиясы				
Мейрамхана бизнесіндегі баға					

Баяндамадан кейін Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев сөз алып, жұмыс берушілердің ұсыныстарын қарастыруды айтты.

А.Исаева БББ бойынша ұсыныстарды қайта қарап шығып, әлі де болса оңтайландыру жолдарын қарастыратындығын айтып сөзін аяқтады.

ШЕШІМ:

6В11157-Туризм білім беру бағдарламасы мен 6В11180- Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі білім беру бағдарламасының жобасы қанағаттанарлық деп танылсын және пәндерді оңтайландыру мәселесі факультет кеңесінде қайта қаралып академиялық комитетке ұсынылсын.

Мәжіліс төрағасы:
PhD, доцент м.а.

Мәжіліс хатшысы:



Г.Момбекова

А.Мухамедияр